

Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
әдебиеттану профессоры

ӨМІРІНІҢ МӘНІН СӨЗ ПАТШАСЫНАН ТАПҚАН АҚЫН
2025 жылы 12 наурызда Ұлттық кітапханада Тұманбай Молдағалиевтың 90
жылдығына арналған «Жүрегі жырдан жаралған» әдеби-музыкалық кеште
оқылған баяндама

Поэзия – әлемдік өмірдің қан тамырының құштарлықпен соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен нұры, ал лирика – поэзияның поэзиясы деген секілді қағида адамзат баласының танымына сөз өнерін тани және таныта алатын қабілет біткеннен бері айтылып келеді. Абай өлеңді сөз патшасына балады. Тұманбай Молдағалиев - өмірінің мәнін поэзияның поэзиясынан, сөз патшасынан тапқан ақын.

1950 жылдардың басы. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Әдебиет үйірмесінің кезекті жыр кеші. Сол кеште филология факультетінің бірінші курс студенті Тұманбай Молдағалиев өлең оқыды.



Тұманбай Молдағалиев (1935-2011)

Студенттің «Студент дәптеріне» (1957) енген алғашқы өлеңдерінің бірі көпшілікке әуелі осылай жетті.

Т. Молдағалиев университеттің филология факультетіне оқуға келгенде, «М. Әуезов дәріс оқитын оқудан артық дүниеде оқу бар деп ойлап көрмеген» («Ұстаз туралы ойлар» толғанысынан). Осы факультетте оқып жүріп, әдебиеттің тарихы, сөз өнері, ақындар шығармашылығы туралы, «Абайтану» пәнінен Абайдың ақындығы туралы терең білім алды, Абайдың ақындық өнері туралы ерекше биік көзқарасы қалыптасты.

Ақын: «Абайсыз ешкімнің алдындамын деп айтпас едім. Абайым барда дүниеде қай халықпен де терезем тең» («Абай туралы аз ғана сөз» толғанысынан), - деген ұғымда өмір сүріп, осы ұғыммен дүниеден өтті.

1960 жылы 26 желтоқсанда Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде Әдебиет үйірмесінің ұйымдастыруымен өткен жастар поэзиясының кешінде данышпан жазушы Мұхтар Әуезов жастардың шығармашылығы туралы сөз сөйлеп, «әдебиетке сұлу мінез әкелуші, үлкен мәдениетті қасиетті әкелуші, нұрлы, жақсы, жарқыраған өрісі бар» бір топ жастарға еңбектерінің жемісті болуын, талап үстіне талап, нұр үстіне нұр құйып, оқу-білімдерінің өсе беруін шын жүректен тілеген еді. Сол шақта балауса жырларындағы «біртүрлі еліктіретін, сүйсіндіретін, оқушыға бас идіретін осыншалық шындығымен бетке ыстық демі сезіліп кеткендей көрінетін шыншылдығымен» Мұхтар Әуезовті қуантқан, жыл келгендей жаңалық сезіндірген жастардың бірі Тұманбай Молдағалиев еді.

М. Әуезов қасиет тұтқан сондағы ақындық талант, ойды – нұрға, сезімді әрге бөлеу, ол екеуін өзара жарастырып, жарығын жағып, сәулесін төгіп суреттеу - Тұманбай Молдағалиевтың ақындық өнерінің дара ерекшелігіне айналған қасиет болып қалыптасты.

Ақынның лирикасы М. Әуезов айтқан «сұлу мінезді, үлкен мәдениетті, қасиетті, нұрлы, жарқыраған өрісті» ерекше бір көркем әлемге айналды: сезімді тербейді, арайлы таңдай аялайды, күзгі күннің шуағындай бой мен ойды бірдей балқытып, тереңнен тебірентеді, ақылды байытып, шырқау биікке бастайды; енді бірде батқан күннің бояуында, аққан жұлдыздың сөнген отында, сабағынан сынған гүлдің солғын өңінде өшкен арман сазын, қайғы мен мұң сызын сездіреді. Ақын өнерінің аса бір асыл ерекшелігі күн мен айдың, жарық пен көлеңкенің, жер мен көктің, от пен судың, қуаныш пен қайғының, үміт пен өкініштің, өмір мен өлімнің арасындағы арман мен жалғанның мәнін ашып, шырайынан қанағат пен сабыр нұрын, даналық шуағын шашып тұратын қасиетінде. Ақын өнері адалдықты аялап, адамдықтың мерейін өсіреді; ойды балқытып, тереңде тебірентеді; ақылды байытып, биікке өрлетеді; көңіл бұлағының көзін ашады; жақсының нұрын тасытады.

Ақындық - өнер біткеннің алды. Шын талант үшін ақындық дегеніміз – өмірдің өзі. Заманның қилы кезеңдерінде өмірі - өлеңіне, өлеңі өміріне айналған талант тағдыры ғана талайлы бола алмақ. Мұндай талант үшін өлеңсіз өмір жоқ.

Тұманбай Молдағалиев – өмірі өлеңді, өлеңі өмірлі талант. Сондықтан да ақынның:

Өлең, өлең – өмірім құбылмалы,

Сенсіз қайтіп күн көрем... күн көре алман, –

деп толғануында толып тұрған шындық, тұнып тұрған сыр бар.

Өмірін өлеңіндей, өлеңін өміріндей сүю, шынын сырға бөлеп, сырын шынға балап толғану, өзі ғана сүймей, өзгені де сүйінтіп, өзі ғана толғанбай, қалың жұртты да толқыта жырлау – Тұманбай Молдағалиевтың шығармашылық асыл қабілеті, ақындық асыл қасиеті. Мұндай асыл қабілеті, мұндай асыл қасиеті бар ақынның өлеңсіз күн көре алмайтыны рас, ол тек өлеңмен өмір сүре алады. Бұл – рақатынан машақаты көп, зейнетінен бейнеті асық, нұрынан мұңы басым өмір, мөлдіреген ой мен үлбіреген сезімнің өмірі.

Тұманбай Молдағалиев өмірде өлеңін көңілінде оянған аяулысындай аялап өтті.

Тірі адамның бойында жүректен асқан аяулы нәрсе болмайды. Соған қарамастан жүректің тілін ұғу да, оның дегеніне тоқтау да оңай емес. Жүректің тілін ұғып, жүректің дегеніне тоқтап қана қоймай, оның сырын жырлау қиынның қиыны екені рас. Тұманбай Молдағалиев – осы қиынның қиынында өніп-өскен ақын. Тұманбай Молдағалиевтың тілі сол аяулы жүректің тілі, тіл болғанда жай тіл емес, алаулы, аяулы тіл. Тұманбай Молдағалиевтың жыры – сол аяулы жүректің жыры, жыр болғанда жай жыр емес, аяулы, алаулы жыр.

Ақын өмірге деген сүйіспеншілікті жырлады, ақынның лирикалық қаһарманы өмірге деген сүйіспеншілігінің таза, тұнық рухымен, тұмадай мөлдіреген ашық, нұрлы ажарымен дараланды.

Халық ұғымында, ел танымында өмірден, адамға, адамның өміріне, ел бірлігіне деген құрмет пен адал махаббаттан асық қадірлі, одан артық қасиетті қазына жоқ. Тұманбай Молдағалиевтың жырлары өмірді, адамды, ел тыныштығын, халық мұратын сүю сазының халық ұғымымен, ел танымымен табысып жатқан осы қадір, осы қасиетімен бағалы.

«Адамдарды жақсы көруден жалыққан емеспін, - дейді ақын. – Айналамды туған бауырымдай сүйдім. Адал жарымдай аяладым...». Осы сөзде ақынның адамгершілік биік нысанасының, айдай анық, күндей жарық азаматтық тұрғысының негізі көрініс тапқан. Ақынның көркемдік әлемінен төгіліп тұратын айдың нұрындай адамгершілік, күннің жарығындай азаматтық – қазақ поэзиясының баға жетпес байлығы, қымбат қасиеті. Тұманбай Молдағалиевтың ақындық өнерінің мәні мен маңызы оның осындай жалпыға бірдей аяулы қасиетінде.

Ақынның әнге жазылып, әнмен айтылып келе жатқан өлеңдерінің сәні мен салтанаты да барынша келісті. Әсіресе құстар туралы өлеңдері әнмен айтылып, бүкіл қазақ даласын сұлу сазға бөледі. «Құстар әні», «Құстар қайтып келеді», «Құстар қайтып барады», «Қаздар қайтқанда» және басқа

өлеңдері ән сазымен әр жүрекке нұр құйып, әр көңілді аялап, тыңдаушыларының өмірге деген құштарлығын гүлдей жайнатып, теңіздей тебіренгіп келеді. Осы өлеңдерді әнге қосып айтып, талай жас буын ер жетті, талай аға буын ұрпақ қартайды. Бір ғана «Құстар әнін» ойға қондырғанның өзінде көңіл біткен құс болып ұшып, көкірек біткен қоштасу әнін айтып тұрғандай күй туады. Өскен жерден кетпейін десе, сол өскен жеріне сыймайды. Өскен жерден кетейін десе, сол өскен жерін қыймайды. Екі түрлі саз, екі түрлі сезім. Бірі өмірдің заңынан шықса, екіншісі көңілдің назынан тарайды. Екеуі де қымбат. Оның үстіне өлеңнің мазмұнынан, әннің сазынан әр көңіл өзінше мағына табады, өзінше ғибрат алады. Құстардың әнінен адам өмірінің мәнін ұғу, адам өмірінің мәнін құстар әніне сыйдыру ақындық шеберліктің асқан үлгісі болумен бірге терең философиялық танымның таразысындай әсер қалдырады. Құстар әнін жырлай отырып, адамды өз өмірі туралы ойландыру, уақыт, жарық дүние жайында ойға қалдыру – өмірдің шын сырын таныған, сөйтіп тоқтам тапқан кең тынысты кемел болмысқа тән танымдық байлық.

Тұманбай Молдағалиев – баянды талаппен, биік талғаммен, ақыл мен жүректің қырмызы қызметімен сара сөзін аялап өткен талант. Тұманбай Молдағалиевтың ақындық әлемі күйсандық іспетті: тыңдай алсаңыз, саз бен наздың сылдырлаған келісімі көкірек көзіңізде тұмадай тұнып, мөлдірейді. Сұлулық пен ұлылық, сән мен салтанат, сүйініш пен күйініш, қуаныш пен жұбаныш, саз бен наз... – бұлар да сонда.

Тұманбай Молдағалиев – қазақ поэзиясын өзінің ақындық өнерінің жарық-жалынымен, сәулет-сәулесімен, тұнық сазымен, сырлы үнімен байытқан, жүрегінен жарық, жанынан жылу ғана таратып өткен, артында ақындық өнегесін қалдырған жайсаң ақын, кіші не орташа емес, ұлы ақын.

Алла рақым етсін ақынның рухына.

12.03.2025